

Бекітемін:
меңгеруші Ш.Т.Жусупова



МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы

Ақтөбе - 2025 жыл

№45 «Алтын бала» бөбекжай- балабақшасындағы ерекше дамудағы балалармен 2025-2026 оқу жылында жүргізілетін жұмыстың жылдық жоспары.

Жоспар құрудағы негізге алынған нормативтік-құқықтық құжаттар:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы
- Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамасы
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты

Мақсаты

Инклюзивті ортада тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың толыққанды дамуына жағдай жасау және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету.

Міндеттері

- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды ерте анықтау және қолдау
- Жеке дамыту жоспарын құру
- Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ұйымдастыру
- Ата-анамен жүйелі жұмыс жүргізу
- Педагогтердің инклюзивті құзыреттілігін арттыру

Р/С	Жүргізілетін жұмыстар	Жауаптылар	Өтілетін мерзімі	Ескерту
	Балаларды бастапқы психологиялық-педагогикалық тексеру	Психолог	Қыркүйек	
	Сөйлеуді дамыту <ul style="list-style-type: none">• Дыбыстарды қою және бекіту• Сөздік қорын молайту. «Менің отбасым» тақырыбында 2–3 сөйлем құрастыру	Психолог, педагогтар	Үнемі	

	<ul style="list-style-type: none"> • Байланыстырып сөйлеуге үйрету «Менің ойыншығым» тақырыбында әңгіме құрату. • Артикуляциялық жаттығулар «Ат шаптыр», «Сағат», «Тәтті тосап» жаттығулары Мақтаны үрлеу, шар үрлеу 			
	<p>Психологиялық түзету</p> <ul style="list-style-type: none"> • Эмоцияларды тану <p>«Эмоциялық қорап» тақырыбымен</p> <p>Қорап ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Смайликтер • Түрлі-түсті шарлар <p>Бала өз көңіл-күйіне сәйкес түсті таңдайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сары – қуаныш • Көк – мұң • Қызыл – ашу 	<p>Психолог, педагогтар</p>	<p>Үнемі</p>	

	<ul style="list-style-type: none"> • Қарым-қатынас дағдылары «Досымды таныстыр» Мақсаты: Бір-бірін тану және тыңдай білу. Балалар жұптасады. Әр бала досы туралы 1–2 ақпарат айтады: • Аты • Нені жақсы көреді • Қандай ойын ұнатады • Қорқынышты жеңу жаттығулары • Мінез-құлықты түзету • Құрастыру • Қимылды ойындар «Кедергіден өт» Мақсаты: Тепе-теңдік пен батылдықты қалыптастыру. Өткізуі: Жастық, доға, туннель арқылы еңбектеу, секіру. Бейімдеу: 			
--	---	--	--	--

	<ul style="list-style-type: none"> • Қарапайым және қысқа бағыт • Қолдаушы ересек адамның көмегі 			
	<p>«Құстар ұшады»</p> <p>Мақсаты: Есту арқылы әрекет ету дағдысын дамыту.</p> <p>Өткізуі: Тәрбиеші «Құстар ұшады!» десе, балалар қолдарын қанатша қағып жүгіреді. Басқа сөз айтылса (мысалы, «Аю ұшады»), қозғалмауы керек.</p>			
	<p>Моториканы дамыту</p> <ul style="list-style-type: none"> • Саусақ жаттығулары <p>Моншақ тізу</p> <p>Мақсаты: көз–қол координациясын дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ірі моншақтан бастау • Түрі мен түсі бойынша сұрыптау • Белгілі бір ретпен тізу 	<p>Психолог, педагогтар</p>	<p>Үнемі</p>	

	<p>Қыстырғышпен ойын</p> <p>Мақсаты: қысу-қою қимылын дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Картон күннің шетіне «сәуле» жасау • Кірпіге тікен қыстыру • Түрлі түсті қыстырғыштарды сәйкестендіру 			
	<p>Құммен немесе жармамен ойын</p> <p>Мақсаты: тактильді сезімді дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Құмға сурет салу • Жасырылған ұсақ заттарды табу • Әріп немесе сан жазу 			
	<p>Түйме қадау және бау байлау</p> <p>Мақсаты: тұрмыстық дағды мен ұсақ моториканы жетілдіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үлкен түймеден бастау 			

	<ul style="list-style-type: none"> • Бау байлауды кезең-кезеңімен үйрету 			
	<p>Саусақпен сурет салу</p> <p>Мақсаты: шығармашылық және моториканы дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бояумен алақан, саусақ ізі • Нүкте арқылы сурет құрастыру 			
	<p>Әлеуметтік бейімдеу "Достық апталығы" Мерекелік ертеңгілік Ұлттық ойындар күні</p>	<p>Психолог, педагогтар</p>	<p>Жоспар бойынша</p>	
	<p>Ата-анамен жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ата-аналар жиналысы • Жеке кеңес беру • Ашық есік күні • Тренинг • Жылдық қорытынды кездесу 	<p>Психолог, педагогтар</p>	<p>Үнемі</p>	

Психолог: Р.Шангалаева